# Менің Отаным - Қазақстан!

***Студенттер шығармашылығының өлеңдер жинағы***

**Алматы* 2007**

84 С(Қаз)
**М 80**

Баспаға дайындаған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының кітапханасы

*Құрастырғандар*: **Шағаланова С.Р.**, институт кітапханасының бөлім меңгерушісі: **Сағындық Б.Ә.**, институт кітапханасының әдіскері.
Жауапты редактор: **Әйтиева Р.Б.**, кітапхана директоры

**Менің Отаным - Қазақстан.** Өлеңдер жинағы. – ҚазМемҚызПИ кітапханасы, 2007. – 42 бет

*Өлеңдер жинағында қазақ қыздарының қарашаңырағында білім алып жүрген ой жүйрігін тізгіндеп, сөз маржанын тере білген жас ақын қыздарымыздың өлеңдері беріліп отыр.*

© ҚазМемҚызПи 2007

## Жастық шақтың жалындаған жырлары

*Жастық – адамзат өмірінің шуақты да нұрлы сәті. Сол жастықтың қызықты дәурені – студенттік жылдар екеніне еш күмән жоқ. Киелі шаңырағымыз - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының қабырғасында елім деп еміреніп, жерім деп тебіренген нағыз патриот жастар білім алуда. Қолдарыңызға ұсынылып отырған жинаққа .Отанына, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімнен туған іңкәр жүректің мөлдір жырлары еніп отыр.*

*Жинаққа енген өлеңдер оқырман көңілін бірден өзіне баурап алып, жүректеріне жол табары анық. Жас ақындардың өлеңдерінен шынайылық пен табиғилық, сонымен қатар ізденіс ізі айқын сезіледі. Өлеңдері негізінен Отанға, туған жерге, елге деген сағыныш, анаға, әкеге, табиғатқа деген махаббат тақырыбында жазылған. Бұл ретте ақын қыздар қиыннан қиыстырып, әдемі сөз өрнектерін тізе білген.*

*Енді ғана үмітін үкілеп, ақындық өнерге бет бұрған қыздарымыздың бойындағы ақындық өнерге деген шынайы ұмтылысынан үлкен еңбек пен сенім күтуге болады. Болашақта қыздарымыздың ақындық әлемнің қыр-сырын толық аша біліп, тереңіне бойлап, айбынды жырларымен халық қамы үшін аянбай тер төгетініне кәміл сенеміз.*

*"... Ақын болу өз ісің,*

*Азамат болу борышың", дегендей, жастардың ақындық қадамына талант, азаматтық қадамына адамдық тілейміз.*

*Қаламдары талмай, қайраты қажымай, шабытты жырларымен жалындап, жарқырай түссін!*

***Тәрбие істері жөніндегі проректор***
***Л.М.Әділбекова***

## Ақындық әлеміне сәт сапар

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу мақсатында әзірленген.

Қазақстанның жастар конгресі кеңесінде, Білім беру мен ғылым саласы қызметкерлерінің жалпы республикалық комиссиясында талқыланған. Мемлекеттік бағдарлама ғылыми ортаның, қоғамдық ұйымдардың, жастардың, сондай-ақ тәрбие мен білім беру саласында қызмет ететін мемлекеттік органдар мен мекемелердің пікір-көзқарастарын танытады.

Осы орайда, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының кітапханасы Тәуелсіздігіміздің 15 жыл толуына байланысты "Менің Отаным – Қазақстан" атты оқырмандар конференциясын өткізген болатын. Бұл конференцияда институтымызда білім алып жүрген ақын қыздарымыз Тәуелсіздікке және Желтоқсан оқиғасына, тағы басқа тақырыптарға арналған жүректерінен шыққан өлеңдерін оқыды.

Сіздерге ұсынылып отырған осы өлеңдер жинағында ой жүйрікті тізгіндеп, сөз маржанды тере білген қазақ қыздарының қарашаңырағында білім алып жүрген жас ақын қыздарымыздың өлеңдері беріліп отыр.

Ақын қыздарымыздың өлеңдері көңілдеріңізден шығады деп ойлаймыз және ақындық әлеміне сәт сапар тілейміз!

***Кітапхана әдіскері Бақыт Сағындық***

***Ақылбекова Айман***

*Физика-математика факультеті*
*Физика мамандығы, 2 курс студенті*

## Тәуелсіз Қазақстан

Қазақстанды таныды Тәуелсіз деп.
Отанымның тынысы кеңейеді.
Өсе берсін байланысы көркейіп,
Болашағың, төрт бұрышың теңейеді.

Талай тарих өткізді қазақ халқы,
Бақытты болашақты аңсаймыз деп.
Ұзақ жол, ауыр күрес көрді халқы.
Еркіндік пен бостандыққа жолы тіреп.

Еңсесі биік, ұлан-ғайыр өлкесі,
Шектеседі Ресеймен байланысы.
Қазақтар үш жүз жыл қиындықты көрді өзі.
Кеңес елдің құрамында біздер болдық.

Дербестік пен тәуелсіздікті жоғалтып,
Қаншама қиын күндер бастан кешіп.
Әркімнің бодауында қалып қойдық
Кез келді, Тәуелсіздік ұраны нұр!
Құйын заман өткердік өмірден бұл.
Зарлаған қазағымның зор үніне
Жеттік біз армандаған сол күніне.

## Тәуелсіз қазақ елі

Кең далам, байтақ жерім, дархан елім,
Көгінде қыран құстар самғауда елім.
Еркіндік, ерлік туың желбірейді,
Маңдайыңнан ескен самал желіңмен.

Құшағыңнан жылу, бақыт, нұр берген,
Отан-Ана дейді қайсар ұрпағың.
Отан деген отты ыстық қазына,
Оған дөлел қаза болған ерлерің.

Гүлдене бер, Тәуелсіз қазақ елі,
Тәуелсіздік бізге сый боп келмеді.
Оған куә қаншама қанды майдан,
Одан тарих тамаша сыр шертеді.

Ержүрек, қайсар жастар сенде туған,
Бір сен үшін өртке айналды лаулаған.
Ол от әлі сөнген жоқ білгің келсе,
Біздерге ол жігер, қайрат, рух сыйлар.

Аялаған аруын аққу құстай,
Сұлуға да теңейміз бақыт құшқан.
Он сегіздің биігіне жармасқан,
Сен бойжеткен жаңа ғана гүл ашқан.

Әнге қосып жырлаймыз жалықпастан,
Азаматың болу сенің бақыт саған.
Көркейе бер, құлпырған қызғалдақтай,
Бар әлемге сенің даңқың болсын мақтан!

*Қосаева Индира Мұратбекқызы*
*Тарих-филология факультеті*
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы*
*I курс студенті*

## Желтоқсан жаңғырығы

Есімде сол он алтыншы желтоқсан,
Намысты жас өліммен алысқан.
Қаймықпайтын оттай ыстық жалынды,
Қазағымды әлем жұртқа танытқан.

О, тәңірі мың рахмет өзіңе,
Әкеткенің жігерлі жас өмірге.
Үлгі болар азаматым көп болса,
Нұр жаумай ма мынау байтақ елімге?

Ерліктері таусылмайтын ағалар,
Ұрпағына рух беретін бабалар.
Есімдерің ел есінде қалады,
Әділдікті сүйетұғын даналар.

Жеңістерің ұрпағыңның жемісі,
Жүрегіңнің кеңдігінің белгісі.
Түкті жүрек тарландайын ағалар,
Інілердің шексіз сізге алғысы.

Жиырма жасқа толған күні жеңстің,
Бүршік атып гүлдегені егістің.
Арпалысқан қанды оқиға жерінде,
Жайқалып тұр сыйға тартқан егісің.

Жырлап өтем бұл жеңісті мәңгілік,
Шырқап жүрем қайда барсам ән қылып.
Таусылмайтын ерліктерің әр жылғы,
Қайта оралар желтоқсанда жаңғырып.

*Майлыбаева Анар Бақытқызы*
*Тарих-филология факультеті*
*Екі шет тілі мамандығы*
*I курс студенті*

## Тәуелсіздік таңы

Құтты болсын он бес жасың қазағым,
Көп-ақ еді-ау сенің кешкен азабың.
Тәуелсіздік үшін құрбан жандарға,
Алғыс айтып өлеңімді жазамын.

Жасымасын енді қазақ ұрпағы,
Отан үшін таусылмасын жырлары.
Қазағым деп көкірегін кең жайып,
Тұрсын алда батыр қазақ ұлдары.

Тәуелсіздік жүз жасасын тағы да,
Жайнай берсін Қазақстан қашанда.
Тағы құтты, құтты болсын мерекең,
Біз тұрайық озық болып алдыда.

Қазақстан жайнай берсін әлі де,
Өзгелердің айналсыншы әніне.
Ұрпағымның берекесі сақталып,
Жеңістерге куә болсын бәрі де.

***Мырзабаева Бота***
*Музыкалық білім және мәдениет факультеті*
*Мәдени тынығу жұмысы мамандығы*
*І курс студенті*

# Қазағым

Қазағым байтақ өлкем,
Дария даласы кең.
Қазақтай дархан елге,
Мақтауым жетер ме екен?

Күлкі әлемге сыйлы болған,
Айбынды елім қазағым.
Ешбір елге бас имеген,
Намысың биік қазағым.

Ата-баба әруағын,
Құрметтеген қазағым.
Салт-дәстүрін, салтанатын,
Ұмытпаған қазағым.

Әр ұлттың азаматын жат көрмей,
Тату болған қазағым.
Махаббатын адамзатқа,
Сыйлай білген қазағым.

Қаншама қиындыққа,
Мойымаған қазағым.
Бірлік пен ерлік туын,
Нық ұстаған қазағым.

## Жастар туралы

Жастар деген қауымның қызығы қой,
“Білдіріп те қоятын бұзығы қой”.
Намыстанып қалғанда дал халқым,
Лап етіп бетке тебер қызылы ғой.

Жастар деген халқымның намысы ғой,
Алыстан естілетін дыбысы ғой.
Отан үшін баратын қиын сынға,
Әр үйдің азаматы, арысы ғой.

## Теңеу

Жүректен шыққан жылы сөз,
Бойыңа жылу нәр берер.
Анаңнан шыққан жылы сөз,
Балалыққа жетелер.

Қызғаныштан шыққан сөз,
Жүйкеңе келіп тіреler.
Ғашықтықтан шыққан сөз,
Жүрекке келіп тірелер.

Сағыныштан шыққан сөз,
Жүрегіңді тербетер.
Күншілдіктен өткен сөз,
Түбіңе сенің – ол жетер.

Қуаныштан шыққан сөз,
Биік шыңға жетелер.
Әкеңнен шыққан жылы сөз,
Ақ батаға жетелер.

*Расулова Айнур*
*Музыкалық білім және*
*мәдениет факультеті*
*2 курс студенті*

## Тәуелсіздік күніне

Көңілдің көк дөнені,
Сахараны шарлайды.
Тәуелсіздік жайында,
Жүрегім толғау толғайды.

Елімнің тәуелсіздігі,
Он бес жасқа келіпті.
Он бес жылда Отаным,
Көп нәрсені көріпті.

1991
Тәуелсіздік орнады.
Сайланып тұңғыш Президент,
Ел-жұрты тегіс қолдады.

92-ші жыл келді,
Жазылды тұңғыш Әнұран.
Елтаңба мен Ту бекіп,
Қазағым елге танылған.

93-тің қаңтары,
Жазылда тұңғыш Ата Заң.
Төл теңгеміз басталды,
Әл-Фараби атадан.

1995
Ата Заң қайта каралды,
Абай жылы тойланып,
ЮНЕСКО-ға таралды.

97 жыл келді,
Астанамыз өзгерді.
Ақмола болып астана,
Өзгеретін кез келді.

Айтатын болсам жылдар көп,
Шертетін болсам сырлар көп.
Түйіндеп айтсам ойымды,
Зейін қойып тыңдар көп.

Тәуелсіздік толғауы,
Таңға айтсам таусылмас.
Өрекпіген ор көңіл,
Тайдай тулап басылмас.

Шын жүректен тілерім,
Тыныш болсын еліміз.
Ынтымақ, бірлік тілеймін,
Жас өркендер көктесін!

## Он алтыншы желтоқсан

Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік мереке.
Ынтымағым жарассын,
Арта берсін береке.

Намыс пен жігер жаққан күн,
Буырқын мұз боп қатқан күн.
Жастардың жалын жүрегі,
Тәуелсіз нұрын шашқан күн.

Тәуелсіз елім,
Сатылды жерің,
Сақтатын енді нең қалды?
Шұбарлап тілін,
Ұмытып дінін,
Кей жастар жаман жол алды.

Су бүркіп шашып,
Аяқпен басып,
Ақ қарға сіңген қызыл қан.
Бір Алла қолдап,
Азаттық орнап,
Есімде қалды желтоқсан.

Өркендеп тілім,
Сақталсын ділім,
Қазағым менің жайнасын.
Тілегім менің,
Уа, туған елім,
Желтоқсан қайта болмасын.

Елім деп тыным таппаған,
Бейбітшілігін сақтаған.
Қазақстандай елімнің,
Ұрпағы болып мақтанам.

***Құдайбергенова Эльвира***
*Педагогика психология факультеті*
*дефектология мамандығы,*
*2 курс студенті*

## Туған жерім

Төсіңде емдім туған жердің ақ сүтін,
Болашаққа жол бастайтын мен жас ұрпақ үнімін.
Кок байрақты желбіретіп, мәртебесін котеріп,
Қасиетті елімнің ақтаймыз біз үмітін.

Табиғаты таңғажайып, сырлары бар,
Кең дала, иен жазық, қырлары бар.
Жұпар ауа, хош иіс раушан гүлдер,
Талай-талай жазылған жырлары бар.

Соз қозғаймын сонау заман тарихынан,
Атам қазақ жоңғармен күн алысқан.
Азат, бірақ жан кісендеулі,
Орыстың қулығымсен іске асқан.

Соғысын неміспенен, оққа кеуде тосқан,
Әлия, Мәншүк апалар және ұшқыш Толеген.
Ержүрек батырлар, қайсар жандар,
Қасық каны қалғанша беріспеген.

Топырағынан жаралған тума дарын,
Айта бергің келеді тағы бәрін.
Абай, Ыбырай, Шоқандай ұлылар коп,
Қалап негізін ілімнің, берген барын.

Елбасының кепенекке жолдаған,
"қазақстан-2030" жолдауында.
Кезі келді халықтың армандаған,
Ғылым мен техника заманы шарықтаған.

Қазақ елі мұсылман халықтың бірі,
Жоғалып барады мұсылмандық бұл күні.

Қолға алып, өркендету біздің парыз,
"Алла" сөзін қайталап күні-түні.

Сен азатсың, қырандай қалықтаған,
Сенде өткен әрбір күн жарық маған.
Самға, өрле, шарықта, биіктей бер,
Бас иемін алдыңда беу, туған жер!

Айналайын атамекен асыл қазынам,
Тәуелсіздік күніңмен, Ұлы Қазақстан!

*Исабаева Индира*
*Тарих-филология факультеті*
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының*
*1 курс студенті*

## Отаным - Қазақстан

Отаным бар Қазақстан – жері жанат,
Тәуелсіздік құлашына жайған қанат,
Күрестерден туды оның еркіндігі,
Бостандығы еліміздің бізге аманат.

Тәуелсіз Отан деген шексіз дүние,
Көз тастасаң қойнауының түбіне,
Армандайсың көруге кең даланың,
Сенсіз өткен күні мен түндерін де.

Туған елім Қазақстан – Отан анам,
Анам бар деп сен сияқты мақтанам,
Әлдилейсің мені өзіңнің бесігіңде,
Мұны естіп қызғанады жат адам.

Ешкімге де жабылмайды есігің,
Құшақ жайып өз төріңе шақырасың,
Талай ұлтты құшағыңа сыйдырып,
Сәбилерге айттың талай бесік жырын.

Қойнауыңда байлығың жатыр толып,
Басқа елге тең келмейді бірдей болып,
Алыс кетсең, армандайсың оралуды,
Шет елдің кепілдігін шетке қойып.

Отаным – Қазақстан – туған жерім,
Қазағым – қарапайым туған елім,
Тәуелсіздік байрағын биік ұстап,
Артамын бір өзіңе үлкен сенім.

*Уызбек Гүлжайна*
*Тарих-филология факультеті*
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының*
*I курс студенті*

## Қазақ жайлы айтамын

Киесі бар қазақтың жыры ақталған,
Бір жарағың сұраңылдан сақталған,
Қайыспайтын қос батырым сияқты,
Білімдарың орақнан сұрыпталған.

Талай дәурен күреспен өтті бастан,
Талай отау айрылды біраз жастан,
Алыспаса, беріспейтін қазағым ғой,
Сақтап келді осы күн, жерді қастан.

Кеткен жоқ әлі, өткеннің суық ызғары,
Бар бізде жандар тағдырға әлі ызалы,
Жүрекке бойлап, батырлық іске жүгінген,
Есімін ердің тастарға қашап сызады.

Қазір елдің төрт құбыласы тең екен,
Қазағымның қазына жері кең екен,
Байлық, білім, келісім жылы келгенде,
Төрде отырып, тамақ ішер жең екен.

Ұяңдық жүзінен байқалды анық елімнің,
Көп қой сыр, үмітін үзген сенімнің,
Бабамнан қалған бір күйді өзім саралап,
Ұстадым ұшын патриоттық сезімнің.

Қырандай қалқып түлкінің басын буғатын,
Қодардай шалқып қырықтай құдық қазатын,
Самсаған үйлі, оркениетпен күйлі,
Келді дәурен, ел мәдениетін жазатын.

Көгінде жұлдыз көмескілене қарайды,
Жерінде шоғың бықсып барып тарайды,
Рухани байлық, дінің мен тілің барында,
Анады, шіркін, көктемі жаңбыр сарайды.

*Реймова Кәмшат*
*Тарих-филология факультеті*
*филология мамандығының*
*I курс студенті*

## Тілім – тірегім

Қазақ тілім – туған тілім, өз тілім,
Мойындатты ол өміршілін, өзгігін,
Тереңінен тамырласын тарихтың,
Қойнауында жатыр сенің сөздігің.

Қазақ тілім – ақ сүтімен анамның,
Ауасымен, самалымен даламның,
Туған жердің құнарымен бойыма,
Санама енсе қалайша мен жаманмын.

## Қазағымды жырлаймын

Туған елім аманбысың, армысың?!
Жырлаймын сені кетсін, мейлі әл-күшім.
Кешегісін, бүгіні мен ертеңін,
Келдім толған алғалы елдің алғысын.

Кешегі өткен Ахмет, Сәкен, Тұрар да,
Мәңгі өлместей ескерткіш бар бұларға,
Қыршын кетті аңсап азат өмірді,
Топырағын сап, туған жердің тұмарға.

Екіншіге желтоқсанның айбарлы,
Қазағымның ұл-қыздары жайдарлы,
Қарсы аттанды Қайрат, Ләззат, Сәбира,
Ерлік етті қанды кешіп сындарлы.

Ал бүгінде еркін елміз, азатпыз,
Қанатын кең жайып салған қазақпыз,
Ұлтарақтай жер болса да қорғайық!
Бақыт бізге келмейді ғой азапсыз.

Туған тілім оркендеуде, осуде,
Жол бермейміз озге тілде босуге,
Абай, Тұрар сөйлеп өткен тілменен,
Он шырқайық туған жердің тосінде.

Рухы мықгы Ислам діні дініміз,
Берік ірге, тұтас иман ділміз,
Нұрсұлтанды Елбасы деп құрметтеп,
Келген елміз азиялықтың біріміз.

Болшақта жетерміз біз АҚШ-қа,
Ішкі өнім шығарамыз батысқа,
Қайнар коз боп Евразияда қазағым,
2030-да айналады барысқа.

## Республикам менің

Республикам Қазақстан өтті қиын белестен,
Ақтабандай қиындықты шығармайды ол естен,
Қанша қырғын көрсе де бұл қазақ қайсар ұлт,
Жерұйықты іздеп таппай талай ғасыр із кескен.

Тәуелсіздік алған елім құтты болсын талабың,
Мәңгі бақи жаза берші, қисаймасын қаламың,
Кешірмессің бұдан былай алапатты басыңнан,
Көркейгейсің көрнекті боп ақылындай дананың.
Когінде құс самғай берсін ешқашан да тынбасын,
Ту, Елтаңба, Әнұранның төрлеріңе орнасын,
Көкірегіңде күй кернелеп, құшағыңа гүл толып,
Гүл салса да, көңіл, өмір, бақ, дәулетің салмасын

Республика деген атқа ие болып орнадың,
Кенелердің мақсаттарын, армандарын қолдадың
Болашаққа сенім артып отыр міне, бүгінде.
Үміттерің алдамаса биіктерге қонғаның.

*Егізбаева Айнур*
*Тарих-филология факультетінің*
*студенті*

## Қазақстан

Ғасырлардың арқалап ауыр жүгін,
Қиындыққа мойымай ұзақ жүрдік,
Қазақстан Егеменді ел болып,
Он бес жасқа келіп қалдың сен бүгін.

Осы ұлы туған күнің құтты болсын,
Босағаңа бейбітшілік құсы қонсын,
Шаңырағың биік бол әрқашанда,
Дастарханың молынан аққа толсын.

Егеменді Қазақсатн еліміз,
Ұлан-байтақ кең-ау біздің жеріміз,
Бабалардан қалған асыл мұраға,
Бүгінгі күн ұрпақтары иеміз.

Тілерім сол егеменді еліме,
Самғай берсін бақыт құсы көгінде,
Басқалардан биік болып көрініп,
Алтын тілім отырсың ең төрінде.

Тек жақсылық бола берсін елімде,
Тек қуаныш көрсек екен көңілден,
Осы менің саған деген тілегім,
Жиылмасын әсем күлкі езуден.

## Киелі ана тілім

Менің тілім – қазақ тілі киелі,
Мақтан етіп айтып жүрем үнемі,
Асыл сөзден маржан тізген қазағым,
Бақытты ғой бақытты қазақ елі.

Келді бүгін сенің де төл мерекең,
Жай ғана емес бұл сенің тіл мерекең,
Қазағым талай елді бауыр қылған,
Жыл сайын қона берсін құт берекең.

Ақыны, билері мен көсемдері,
Сөздің балын тамызар шешендері,
Тілі бай, ойы терең мағыналы,
Әр сөзі елжіретер жүректерді.

Тілде жатыр қазақтың бір өнері,
Оюмен өрнектелген сөз өнері,
Қазағым! Елім менің! Тілім менің!
Өрлей бер биіктерге ең әдемі.



*Байділдаева Айжан*
*Филология факультеті*
*4 курс*

## Қазақстан

Қазақстан - туған елім,туған жерім,
Өзіңде дүниеге келген едім.
Өзіңде қуанамын шат күлемін,
Өзіңде есен-аман мен жүремін.

Қазақстан-неткен байтақ,неткен байтақ,
Өзіңнен белгілі ғой көрсй мен сақ.
Тарихта елеулі орын алып едің,
Белгілі дүние жүзіне даңқың сенің.

Гербі мен туы аспанда желбіреген,
Қазақтар оны көріп елжіреген.
Әрқашан Қазақстанды мақтан тұтып,
Тарихты жадыма ұстап келемін мен.

Сенемін болашаққа,атар таңға,
Көк туым биігірек көкке самға.
Ешқашан соғыс өрті бізде болмай,
Нық басып келемін мен тек қана алға !

*Молданазарова Дамира*
*Тарих-филология факультеті,*
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы,*
*3 курс студенті*

# Туған жерім

Өмір – өзен,
Толқын болып ағатын,
Кейде ұйтқып, кейде тыным табатын,
Қилы-қилы осынау бір өмірде,
Туған жерім бар бақытым табатын.

Туған жерім, туған өлкем, мекенім,
Маған мәлім сенің қымбат екенің,
Сағынышы қой сары желің желпіген,
Сағындырып, самалдай боп еcетін.

Ей, адамзат!
Ең біріншi өз анаңды құрметте!
Ал, екінші, туған жерді сүй әлбетте,
Туған жерім, маған оттан да ыстықсың,
Сен дегенде жібіген тас жүрек те!



*Жауынбаева Альмира*
*Физика-математика*
*факультетінің*
*2 курс студенті*

## Анама

*(Мерекелеріңізбен, аяулы аналар)*

Шыр етіп келер, әрбір пенде баласы,
Қарсы алар, ыстық құшағымен анасы,
Аяулы алақаны жас сәбиге,
Нұрын берер, болар шуақ панасы

Ана деген құдіретті алла ғана жаратты,
Мейірімін, махаббатын бүкіл жерге таратты
Анасына қарсы шыққан ақылсыз бен опасыздың,
Өмірдегі азған басын мәңгі жерге қаратты.

«Ана» деген жүрек жарған аяулы сөз,ұлы сөз,
Кеудесінде жаны бардың бәрін шертер жылы сөз.
Ана деген бақытың ғой, неге оны сезбейсің?
Қартар үйін көрсетпеші бұл өмірден безбейсің.

Мен анамды бақытыма балаймын,
Қартаймауын, ден саулығын қалаймын.
Қасиетті жеті саны ғалам үшін данасы,
Анам менің ардақты жан, жеті бала анасы.

Мерекеңіз ақ анашым,құтты болсын!
Қос қанатың ер жетіп,мықты болсын.
Балаларыңыздың қуанышын бірге көріп,
Жан шуағыңыз бақыт пенен нұрға толсын.

Бүгінгі күн құтты болсын, аналар,
Аяулы жан, өмірдегі даналар.
Қуаныш,бақыт тілеймін,ер азамат затынан,
Ден саулығын тілеймін,балаңыздың атынан.

*Сембаева Назым*
*Физика-математика факультеті*
*физика мамандығы, 2 курс студенті*

## Ару қыз

Шеруге шықты Ару қыз Отан үшін,
Тәуелсіздік керек деп қазақ үшін.
Он жетісі еді бұл желтоқсанның,
Қазағым деп күрескен намыс үшін,

Желтоқсанның мезгілі қандай еді,
Ызғар шашып, мұз қатқан жердің беті.
Маскүнем, нашақор деп жала жапқан,
Ләззаттай аруға кім сенеді.

Жер бетінде қызыл қан тамшылаған,
Жазықсыз жана шегін қансыраған.
Ару қыздың денесін жаулап алды,
Желтоқсанның ызғары сақылдаған.

Көзінде оның мөлдір жас, дара қайғы,
Қардың бетін қызыл қан жауып қалды.
Ел үшін сңірсген ару қыздың,
Туған елден бейнесі алыс қалды.

## Жетісуым

Жұлдызды аспан менен жерім қандай?!
Асқар тау, айдын шалқар көлім қандай?!
Жайқалып, шұрайлы жер Жетісуым,
Орман-тоғай гүлденген нуым қандай?!

Жымыңдаскан жұлдыздар түні қандай?!
Сәуле беріп жарқыраған күні қандай?!
Көлде балық, көкте құс, орманда аңдар
Сайраған неше түрлі үні қандай?!

Жайдарлы тамашалы жазы қандай?!
Қонатын, ұшын аққу, қазы қандай?!
Бой бермей, сарқыраған Жетісуым?!
Сылдыраған мөлдір су, нәрі қандай?!

Жамылған аппақ қары, қысы қандай?!
Қар жауып, жер қатырған мұзы қандай?!
Таң қаларлық тамаша, Жетісуым?!
Бойындағы Талдықорған жәйі қандай?!

Козім тоймас, қарасам тамашасын,
Аралап тау мен тасты адасасың.
Құдіретіңнен айналдым Жетісуым,
Еш қашан байлығыңыз ортаймасын.

Қасиетті жерімсің, асыл байлық қазынам,
Жер жаннаты – Жетісу, аңсап сені сағынам.
Табиғатқа не жетсін?!
Мәңгі саған табынам!

*Сатыбалдинова Ақбөпе*
*Экономика және білімдегі сервис факультеті*
*мемлекеттік жергілікті басқару мамандығы*
*1 курс студенті*

## ҚазМемҚызПИ-ге

Мектебіммен қоштасып,
Болашақпен достасып.
Бисмилләмен бастайын,
Ордама мен жыр жазып.

Қазақ қыздар оқитын,
Орда менің мекенім.
Ақ жүректен жыр жазып,
Сыйға тарту етемін.

Ректорына ордамның,
Шексіз алғыс айтамын.
Қамын ойлап қыздардың,
Құрған оқу ордасын.

Қазақ қыздар келеді,
Жердің сонау түбінен.
Ордам білім береді,
Ең жоғарғы сатымен.

Алға қойған мақсатым,
Білім алу осында.
Ордам үшін әрқашан,
Боламын мен жаныңда.

Оқып жатқан ордамды,
Мақтан етем әрқашан.
Түстім биыл оқуға,
Мақтанышпен мен айтам.
Ақ ордама тілерім,
Гүлдеп, көктеп жандансын.
Биік-биік шыңдарға,
Шыға берсін, көркейсін!

*Маенбаева Сәуле*
*Жаратылыстану-география факультеті*
*химия мамандығы, 1 курс студенті*

## Ана қадірі

Дүниеге келгенімде сені кордім анашым,
Тәй-тәй басып еркелесем, мәз боласың анашым.
Былдыраған тілім шығып сөйлегенде бір сәтке,
Шек болмады-ау қуанышыңда аялаған анашым.

Тулабойы тұңғышым деп еркелеттің сен мені,
Қатарымнан кем қылмай әперсің барыңды.
Бұл дүниеде сендей ана бар ма сірә, өмірде?
"Анашым" деп айту маған қандай бақыт десеңші.

Бал татыған ақ сүтіңнен айналайын анашым,
"Сәулешім" деп еркелеткен тілдеріңнен де айналдық.
Ақ пейілді, мол мейірімі анашымның еңбегін,
Қай ісіммен, қалай ғана өтермін?

*Илимахунова Сандуғаш*
*Жаратылыстану география факультеті*
*биология мамандығының 1 курс студенті*

## Табиғат махаббатпен егіз бе едің?

Мезгіл көктем. Болдым ғашық өзіңе,
Жан жұмағын тебіренткен сөзіңе,
Түсінбедің неге сонша мұң барын...
Қайта-қайта қарасам да көзіңе.

Жаз да келді жадыратып жанымды,
Сыйлап маған мөлдір арай таңымды,
Ұнатушы ем әрбір кеште айтатын,
“Махаббат” деп аталатын әніңді.

Күз сағыныш. Аспан үнсіз жылайды,
Жапырақтар жерге үнсіз құлайды,
Мен өзіңді сағындым ғой, сағындым...
Сені аңсап жаным үнсіз мұңайдым.

Қар жауып тұр, қыс келіпті далаға,
Балалар мәз, мінген бір-бір шанаға,
Қар көміпті аппақ дархан даланы,
Сағынышты сейілткендей сананы.




*Бейсембаева Жұлдызай*
*1-курс студенті*
*Жаратылыстану факультеті*
*биология мамандығы*


## Жыр жазамын жүрегімнен

Алабұртқан бір сезім,
Бойымды менің жаулаған.
Күш-қуат беріп жаныма,
Санама ой сап тулаған.

Сол бір сезім жүрегімді тербейді,
Шабыт туып жан-дүнием өрбиді.
Қанатыма қанат бітіп сол сәтте,
Қыл қаламнан жыр шумақтар өрбиді.

Жыр жазуға ғашықпен мен құмартам,
От жүректен сыр ақтарып, дарытам.
Асқар оймен жыр жазамын жүректен,
Туған елім қазағымды мәңгілікке жыр етем.

## Ақын жаны

Жүйрік ой мазалап жанымды,
Шабытпен жазамын жырымды.
Жырым да бұл менің қазынам,
Байлықтан биік те, қымбат та.

Жаныма жақын да, жырым да,
Ұқсатам өзімді Шырынға.
Жерлесім ол менің апам да,
Қаламгер танымал ақын да.

Арнамыз ағатын бір толқын,
Ізімен жүру бар салтымда,
Білемін жырдың да парқында,
Шабытпен шаттанып жырлайтын,
Терең ой, бәрі де ақын да.

## Балабақша

Балабақша сәбилердің күлкісі,
Еш тең келмес еш нәрсенің үрдісі.
Балғын жүзі балбыраган сәбилер,
Бақыт үні сәбилердің күлкісі.

Балабақша балалардың алаңы,
Ойыншық толы, базардан ол жаралды.
У-шу болып, шатыққа әбден болеин,
Кеш батқан соң үйлеріне тарады.

Балабақша- сәбилердің арасы,
Бейбіт өмір солар үшін қараны.
Естіле берсін сәбилердің күлкісі,
Мәңгі орнасын бейбітшілік алаңы.

## Бауыржан Момышұлына

Ер намысты батырысың халқымның,
Есіміңді құрмет тұту парызы ғой ұлтымның.
Ақиқат сырымды айтып тер төгейін,
Ұлы батыр ерлігіңді от жүректен шертейін.

Отан үшін отқа түсіп кейгенде,
Елің үшін оққа жүрек кергенде.
Ұлы соғыс майданда сен шайқасқан,
Қас-жауыңа мін көрсетіп жүрегіңді мұң
басқан.

Қаталсың, әрі айбатты,
Мінезің қайсар, қайратты.
Қарапайым қазағымның сен ұлы,
Ұлы есімді ардақты-Момышұлы.

Ерлігіңмен халқыңа танылдасың,
Жақсының аты өшпейді артында сын.
Бауыржан аға есіміңді құрмет тұтар
ұрпақсыз,
Қазағымның дара туған тұлғасы.

## Нұрсұлтан ата

Ұрпаққа өзің жол салдың,
Даңғырап кеңінен жайылған.
Оқысам , білім алсам деп,
Ілгері қарай талпынам.

Пейілің неткен кең еді,
Ағынан бүгін жарылған.
Келбетің мен үшін жылы еді,
Сүйсініп өзіңе табынған.

Сізге ұқсап биікке шықсам мен,
Арманым бүгінде сол еді.
Оқысам білім ап тереңнен,
Халқыма қамқорлық берер мен.

Жасадың қамқорлық ана үшін,
Жасадың қамқорлық бала үшін,
Елбасы Нұрсұлтан атамыз,
Ізіңмен жүреміз мына біз.

Биіктен көрінсең ата **Сіз,**
Төбеміз көкке де жеткендей.
Ерекше туылған данасыз,
Ұрпаққа нұрды да төккендей.

*Махамбетова Әлия*
*Жаратылыстану факултеті*
*валеология-биология мамандығы*
*4 курс*



## Ана - бақыт

Ана гүл ғой бақшадағы гүлденген,
Көзді тартып түрлі түске түрленген.
Құлпырып тұр, жапырақ жайып әр түрлі,
Әсем беріп бұл әлемге сан түрлі.

Ана бақыт, ана-шаттық әлемде,
Ана туын көтерген ғой бар елде.
Табиғаттың сұлулығы қаншама,
Еш тең келмес ана деген тәңірге.

Ана-жеміс тамыр жайып тереңге,
Бүршік атып, нәрін беріп әлемге.
Жапырақ жайып гүлдендіріп көгерткен,
Ана деген шуағымен нәр берген.

Ана күн ғой нұрын шашқан әлемге,
Мейірім толы шуақ беріп бәріне.
Терек, қайың, тал мен тауың таласқан,
Сұлулықтың барлық жолы тек анамен
жарасқан.

## Желтоқсан ызғары

Аяз сорған желтоқсанның ызғарында,
Шықты алаң жас өркеннің-ұланында,
Желтоқсанда «Егемендік» ел болсақ деп
талпынды.
Ұлт намысын қорғаймыз деп қанға бөгіп
шарпылды.

Шаштаған сүйреп ұл-қызыңды қинады,
Жас-кәрі лері көзден жасын тыймады.
Желтоқсанның бұл ызғарлы күнінен де,
Жас ұланның тірі жанын елі үшін қинады.

Әр дәуірдің өзіне сай азабын,
Ұмыт енді мәңгілік сен қазағым.
Айналаңа көз тастап бір қарашы,
Болашақты бар сеніммен баулашы.

Бастан кешкен мұң-қайғыңнең зардабын,
Көз алдыңа елес етіп аларсың.
Ер жүрегін жаралаған бұл қайғың,
Ел есінде мәңгілік болып қаларсың.

Болашағың алда сенің, қазағым,
Өсіп артта жас бүлдіршін ұланың.
Қатарыңнан қалмай сен де барасың,
Дамыған ел «Тәуелсіздік жасасын» !

## Түн және мұң

*Бәрі де мұң ...*

Көктем де мұң, күз де мұң,
Қарлы қыс пен жасыл желек жаз да мұң.
Махаббат – мұң, қуаныш – мұң, сезім -мұң,
Тек қана мұң
Тек қана мұң жазғаным.
Мұңды жырлар жазылған мың парақтан

Арылатын күн болар ма, Жаратқан?
Мәңгі мұңды ақын жүрек, түнжыр ой,
Батып күнім, мұңмен әрбір таң атқан.

Енжар, үнсіз өтті тағы көктем де,
Жылынбадым, күн шуағын төккенде.
Мұңды ғана жымиямын өкнесіз,
Жылауық деп ақындарды сөккенге.

Мазалады түн ішінде мұң келіп,
Сыгыр - сыгыр аударылды күнделік.
Өлі ұйқыда үнсіз қала ,мен — ояу,
Көрпе орнына жатырмын мұң бүркеніп.

## Рух туралы

Өмір мені сан сынақтан өткерер,
Әлі қанша көресінім көп көрер.
Рух оянса атой салып кеудеде
Қу тағдырға мұрша болмас өкпелер.

Рухым менің қалған мұра бабамнан,
Бойға сіңген бір қасиет даламнан.
Сол рухпенен зымырап кеп жел - жебе,
Дұшпанымның кеудесіне қадалған.

Қасіреттен қабырғасы сөгіліп,
Жанардан жас өзен болып өріліп.
Зобалаңда қан жұтса да ер бабам
Баз кешпеген бұл өмірден жерініп.

Түңілу жат, жеріну жат маған да,
Бабалардың соқпағынан қалам ба?
Рух жанылып қайрағына заманның
Жел біткендей үнсіз жатқан қаламға.

Күні кеше қызы едім мен ор елдің,
Ана болып, өсіп - өндім көгердім .
Құрымадым « Ақтабанда» сұрапыл,
Енді бүгін не болса да көрермін.

## Муза

Беймазамын
Бүгін мен біртүрлімін.
Түсініксіз өзіме бұл тірлігім.
Қалыбымнан күндегі жаңылғанда
Біреуге таң, біреуге күлкілімін.

Қалам алғым келеді, қалам алғым,
Көше ме әлде көлік пе қарамағым.
Жүрек ытқып алқымға тығылғанда
Жырларыммен әлемді жаралағым.

Сөйтіп тұрып өзгерем табан асты,
Табан асты көңілді қара басып .
Көзімдегі күлкімен күндестей -ақ
Кермек жасым келеді жағаласып.

Тыныш едім,
Ал бүгін құйындаймын .
Әулиеме кешегі сыйынбаймын.
Тыныш тұрып өзендей жылап аққан,
Бір мезетте қырсығып қиындаймын.

Өлең - ауыл сыртынан желіп кеткем,
Менісен ақын шықпас деп сені кеткем.
Бұл кім десем бұрғызған аттың басын,
Муза ма едің бір кезде жерін кеткен ?!

Кім болсаң да келіп тұр анда -санда,
Бақыт болып басыма қонбасаң да.
Соғып кетші даланың дауылындай,
Ақын болып тарихта қалмасам да!



*«Менің Отаным – Қазақстан!» оқырмандар конференциясына қатысушы ақын қыздарымыз.*



***Конференция төралқасы** : (Солдан оңға қарай)1тәрбие ісі жөніндегі проректор.Әділбекова Л.М.,2.кітапхана директоры Әйтиева Р.Б.,3 оқу-әдістеме бірлестігі жөніндегі проректор ШахановаР.Ә.,4 кадр бөлімінің бастығы Қадырова Р.Ә.*

# МАЗМҰНЫ


Әділбекова Л.М .Жастық шақтың жалындаған жырлары........ 3
Сағындық Б. Ақындық әлеміне сәт сапар........ 4
Ақылбекова А .Тәуелсіз Қазақстан........ 5
Бекбосынова Г. Тәуелсіз қазақ елі........ 6
Қосаева И.М. Желтоқсан жаңғырығы........ 7
Майлыбаева А.Б. Тәуелсіздік таңы........ 8
Мырзабаева Б..Қазағым........ 9
Мырзабаева Б. Жастар туралы........ 10
Мырзабаева Б.Теңеу........ 10
Расулова А. Тәуелсіздік күніне........ 11
Расулова А. Он алтыншы желтоқсан........ 12
Құдайбергенова Э. Туған жерім........ 14
Исабаева И. Отаным- Қазақстан........ 16
Уызбек Г. Қазақ жайлы айтамын........ 17
Реймова К. Тілім тірегім........ 19
Қазағымды жырлаймын........ 19
Реймова К. Республикам менің........ 20
Егізбаева А. Қазақстан........ 21
Киелі ана тілім........ 21
Байділдаева А. Қазақстан........ 23
Молданазарова Д. Туған жерім........ 24
Жауынбаева А. Анама........ 25
Сембаева Н. Ару қыз........ 27
Жетісуым........ 27
Сатыбалдинова А. ҚазМемҚызПИ-ге........ 29
Маенбаева С: Ана қадірі........ 30
Илимахунова С. Табигат махаббатпен егіз бе едің?........ 31
Бейсембаева Ж. Жыр жазамын жүрегімнен........ 32
Ақын жаны........ 32
Бейсембаева Ж. Балабақша........ 33
Бауыржан Момышұлына........ 34
Нұрсұлтан ата........ 34
Махамбетова Ә. Ана бақыт........ 36
Махамбетова Ә. Желтоқсан ызғары........ 37
Махамбетова Ә. Түн және мұң........ 37
Махамбетова Ә. Рух туралы........ 38
Махамбетова Ә. Муза........ 39

# МЕНІҢ ОТАНЫМ-ҚАЗАҚСТАН

## СТУДЕНТТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

***Редактор:*** Аманов Ш.К.
***Техредактор:*** Баймбетова О.А.
***Компьютерлік терілім:*** Тарпанбаева Г.М.
***Көркемдеуші :*** Ортаев Ж.Т.

Басуға 11. 12. 2007. ж. қол қойылды. Пішімі 60 х 84/16 Офсеттік қағаз.
Компьютерлік терілім. Әріп түрі «Times/Kazakh» Riso басылымы.
Шартты баспа табағы 2,7. Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 276

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының баспаханасы
050000, Алматы қ.. Гоголь көшесі 116 үй